

УДК372.851

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ «TURBOSITE» БАҒАДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Бекбала Ақниет

aknietbekbala@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші - **Танирберген А.Ж.**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» - делінген.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері математика сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үрдісі. Осы ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы жұмыс түрлеріне тоқталып өтейік:

Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары. Қазіргі заманда барлық мектептерде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Білім беру ұйымдарының кабинеттерінде интерактивті тақта орнатылған. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл білім алушыға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Бұл электронды ресурстар жасау, яғни электронды ресурстар дизайнын, электронды ресурстардың беттерін жасау, дайын болған электронды ресурстарды серверге орналастыру.

Сондай электронды ресурстар жасау бағдарламаларының бірі - TurboSite бағдарламасы. TurboSite бағдарламасы – электронды ресурстар жасауға электронды оқулық жасауға арналған бағдарлама. Бұл бағдарламаның тиімділігі әр мұғалім өздеріне электронды ресурстар және электронды оқулықтарды жеңіл, оңай және жылдам жасай алады.

Электронды ресурстар немесе электронды оқулық құру үшін төменде көрсетілген әрекеттерді орындау керек:



Мұнда жоба құру батырмасын басып, өзіміздің шағын электронды ресурстарымызды құруды болады. Мұнда электронды ресурстарға немесе электронды оқулыққа арналған стандартты шаблондар таңдап алуыға болады.

TurboSite бағдарламасында мәтіндік құжаттар мен суреттерді, видеоларды жеңіл салуға болады, сондай-ақ тест құрастыру мүмкіндіктерінде қарастырылған. Әр білім алушыға осы бағдарламада құрылған тестті беріп білім деңгейлерін тексеруге болады.

Осы бағдарламада «Аналитикалық геометрия», «Аналитическая геометрия», «Дифференциалдық геометрия», Дифференциальная геометрия» электронды оқулықтары жасалды. Онда теориялық материалдар, мысалдар, өзіндік жұмыс тапсырмаларымен бақылау тестті қарастырылған.



Web-терге материал жариялау үшін электронды ресурстардың адресін білу керек және оған материал жариялау үшін рұқсат алу керек болады. Оны төменде көрсетілгендегідей орындауға болады. Әр кезеңді орындау кезінде міндетті түрде сақтау батырмасын басып отыру қажет. Сонымен қатар ең алғашқы бетті жасау барысында жеке қапшық ашып алу керек, бұл электронды ресурстарта немесе электронды оқулықта жасауға барлық құжаттардың барлығы осы қапшықта сақталатын болады.

Ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы — жас ұрпаққа заман талабына сай білім беру, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту үрдісі білім алушының жаңаша ойлау

қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде - өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі өте жоғары деп айта аламыз.

Сөз соңында айта кетейін бұл бағдарламаларды осы саланы терең білгендіктен емес, осы бағдарлама арқылы өз әріптестеріммен тәжірибе алмасып, сол арқылы өзіме де, өзгелерге де пайдасы тиетін құнды бағдарламамен бөлісу.

Ой өрісі дамыған, шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу үшін, бір-бірімізден тәжірибе алмасып, кемшілік- жетістіктерді айтып отырсақ жұмысымыз өнімді болады деген ойдамын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Зими́на, О.В. Печатные и электронные учебные издания в современном высшем образовании: Теория, методика, практика. – М.: Изд-во МЭИ, 2008. – 267 с.
- 2.Беспалько В.П. Образование и обучение с участием компьютеров. – М.: Изд. Московского психолого-социального института, 2008. – 352 с.